

Сценарий(қыскаметражды фильм)

Тақырып: Инклюзия және ерекше адамдарды қабылдау

Ұзақтығы: 5 минут

Сценарист-автор: Іздібай Гүлбақыт

1-САХНА: Таңғы үй

Будильник шырылдайды. Арлан төсектен тұрады, жуынып, айнаға қарайды. Түрі ойлы.

Асүйде анасы таңғы ас дайындап жатыр.

Анасы:

– Қайырлы таң, балам!

Арлан:

– Қайырлы таң.

Анасы:

– Бүгін жаңа мектеп, жаңа таныстық екен ғой.(күліп)

(Сәл үнсіздік)

Арлан:

– Мам, жаңа мектебім мені қалай қабылдайды деп ойлайсыз?

Анасы (жымиып):

– Қалай қабылдайды дегенің не? Сен де өзгелер сияқты қарапайымсың.

Сендегі ерекшелік - жаның мен түйсігіңде. Сені жылы шыраймен қабылдап, орталарына қосатынына күмәнім жоқ. (маңдайынан сүйіп)

2-САХНА: Мектепке келу

Арлан мектепке қарай баяу жүріп келеді. Мектепке дейін оның көңіл-күйі керемет болады. Мектеп сыртына сәл қарап, ішке қарай кіреді. Келесі сынып іші:

Мұғалім:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін сендерге жаңалығым бар. сыныбымызға жаңа оқушы қосылады.

Сынып іші. Арлан есікті ашып кіреді.

Осы сәтте Арланның бейнесі толық көрінеді. Оның ерекшелігі - аяғы.

Оқушылар тынып қалады.

Мұғалім:

– Міне, өзі де келді. Есімі - Арлан, өздеріңнің құрдастарың. Арлан, бұл біздің сынып, әлі-ақ үйренісесің.

Арлан:

– Сәлем... (қысыла күлімдеп)

Камера оқушылардың реакциясын көрсетеді. Бір-екі оқушы сыбырлап:

Оқушы 1:

– Қарашы, аяғына...

Оқушы 2:

– Бізбен бір сыныпта оқи ала ма?

Арлан басын көтеріп, ешкімнен көмек болмаған соң, жай тұрып, орнына жайғасады.

3-САХНА: Қоңырау кезі.

Барлық оқушы сыртқа шығып кетеді. Бір-екі оқушы Арлан жайлы жай әңгіме айтып өтеді. Жалғыз отырған Арланға Мәди жақындайды.

**Мәди(Арланның мойынын құшақтап):

– Сәлем. Танысып қояйық, есімім - Мәди.(қолын ұсынып)

Арлан:

– Арлан...

Мәди:

– Бізге қай мектептен келдің?
*Арлан: *
– 14-ші.
*Мәди: *
– Неге біртүрлі болып отырсың? Өзің жылы жүзді екенсің, енді сыныптас болдық қой, дос та болайық?
(4-5 сек үнсіздік)
*Арлан: *
– Менімен бе?
*Мәди: *
– Иә, басқа кіммен?
*Арлан (күліп): *
– Онда тұрған не бар?
Екеуі қол алысып, күлімдейді.

4-САХНА: Арлан сырын ашады

*Арлан: *
– Не сұрағың келіп отырғанын білетін сияқтымын. Мұны жасырудың да еш мәнісі жоқ. Бұл – Жаратқанның сыйы, ол - өмірдің сынағы емес, ерекшелігі. Ата-анамның ұзақ үлкен үмітпен күткен перзенті ем. Бар махаббатын маған арнады. Алайда, сонша күткенде мен дүниеге осылай келдім. Кейде айналамдағы адамдар не үшін біртүрлі қарап, қабылдауға қорқатынын түсінбеуші ем. Бірақ бұл жағдайды қабылдау ең алдымен ата-анама қиынға соқты. Өмірде де осындай жағдайлар жиі кездеседі. Бірақ кейін ата-анам мені қалай бар, солай қабылдады. Дегенмен, өзгелердің маған біртүрлі қарауының әсерінен кейде өз өзімді қабылдай алмайтындаймын. (Түсіндіру барысында ата-анасымен кадрлар жүреді)
**Мәди:(жұбату мақсатында сәл көтеріңкі дауыспен):
– Досым, еш қам жеме. Сенің сырт келбетің емес, жан дүниен маңызды. Осы сәтте қоңырау соғылады. Переход көшемен.

5-САХНА: Мектептен кейінгі жол

Сабақтан кейін Арланның ізінен Мәди жүгіріп келеді.
*Мәди: *
– Охо, недеген сәйкестік, жолымыз тағы түйісті.
Арлан, не ғой. Футболға қалайсың?
*Арлан: *
– Футболды жаным сүйеді.

6-САХНА: Футбол тақырыбы

*Мәди: *
– Бізде арнайы қала атынан ойын көрсететін команда бар. Сонда ойыншы керек, қаласаң қосылсаңшы.
*Арлан (уайыммен): *
– Мына түріммен бе?
*Мәди: *
– Ол не дегенің? Бастысы-талабың болса болды, қалғаны қолыңнан келетінін білемін.
Екеуі әңгімелесіп қайтады

7-САХНА: Жаттығу

Келесі кадр –футбол алаңы. Жаттығу. Арлан жаттығуға қосылады.

8-САХНА: Қиындық пен қайсарлық

Арлан жарысқа дайындықты бастап кетеді.

9-САХНА: Финал – футбол жарысы

Жарыс күні. Балалардың футбол ойыны басталып, тартысты өтуде. Алаңда

шешуші сәт.

Арлан шешуші голды қағып алады,

10-САХНА: КҮТПЕГЕН БҰРЫЛЫС:

(Кенет — кадр тоқтап қалады. Камера баяу бөлме ішіне ауысады)

Жасөспірім бала үстел үстінде кітапша жазып отыр. Сол көріп отырған

Арлан туралы барлық оқиға – сол баланың жазғаны екені анықталады.

Бала протезді аяғына қарайды.

Ол – өзі бір аяғы жоқ ерекше бала екен. Бірақ әлі күнге дейін ешкімге ашылмаған.

Қағаздағы соңғы сөйлем:

“Бір күні мен де Арлан сияқты боламын. Мені де қабылдайды.”

11-САХНА: Финал (реализм)

Дауыспен қорытынды:

🗣️ Бала (voice-over):

“Басқалар мені қабылдауы үшін — алдымен мен өзімді қабылдауым керек екенін түсіндім. Қоғамға кіру үшін – тек жүрек керек. Әр адамның тағдыры – өз жолы, өз биігі. Кейбіреулер сол жолмен еркін жүрсе, енді бірі әр қадамды күреспен аттайды. Бірақ бұл оларды әлсіз етпейді. Керісінше, бұл – олардың мықтылығы. Ерекше жандар – біз сияқты емес деп емес, бізбен бірдей деп қаралуы тиіс. Олар да күледі. Олар да армандайды. Олар да сүйеге, сенуге, сендіруге лайық. Қабылдау – көзбен емес, жүрекпен көру. Қабылдау – жанды түсіне білу. Біз біреудің мүмкіндігін емес, адам екенін көре алғанда ғана шын тең боламыз. Себебі мейірім – бәрімізге ортақ тіл, ал қабылдау – соның ең шынайы көрінісі.”

Соңғы реплика: Әр адам – бір әуен. Қоғам – сол әуендерді тыңдай алғанда ғана гармонияға айналады. Қабылдайық. Мейірімді қоғам қалыптастырайық...